

Ізгілік көмегін көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 19 мамырдағы N 148

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Иран Ислам Республикасының 1997 жылғы 10 мамырдағы апаты жер сілкінісінің зардабынан зиян шеккен Хорасан провинциясы халқына 1 сортты 195 тонна ұн беру түрінде ізгілік көмегін көрсету туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамымен бірлесіп үш күн мерзімде мемлекеттік материалдық резервтен 1 сортты 195 тонна ұнды темір жол вагондарына тиеп, жөнелтуге әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына үш вагон беруді, Семей қаласынан темір жол бойымен ізгілік жүгін жөнелтуді және Өзбекстан Республикасы мен Түркменстан Республикасы арқылы Иран Ислам Республикасының Мешхед қаласына жеткізілуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан төтенше жағдайлар мен шараларды, оның ішінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса қаржыландыру үшін:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті - мемлекеттік астық резервін толтыруға байланысты шығыстарды өтеуге 4,3 (төрт миллион үш жүз мың) млн, теңге;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі - Иран Ислам Республикасының Хорасан провинциясының халқына ізгілік көмек түріндегі ұнды тасымалдауға байланысты шығыстарды өтеуге 530 (бес жүз отыз) мың теңге бөлсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жоғарыда аталған мақсаттарға бөлінген қаражаттан артық қосымша шығыстар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі аталған ізгілік көмегі жүгін Иран Ислам Республикасында күтіп алуды және оны мақсаты бойынша табыс етуді ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржы бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК